



МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Төртінші билік



«Кейінгі кездері ғаламдық сандық кеңістіктегі Төртінші билік ұғымының мәні өзгерді ме?» деген тақырыпта түрлі пікірталас туындайтын болды. ХХІ ғасырдың digital журналистика тәжірибесін анықтау үшін «Бесінші билік – бесінші қоғамдық топ» терминін қолдана беруге бола ма? Иә. Платформалардың жаңа түрлері мен ақпаратты жеткізу жүйелері журналистиканы өзгертіп жіберді, бірақ оның түпкілікті қағидалары бұрынғысынша қалды. 250 жылдан астам уақыт бұрын ағылшын драматургі және журналисі Генри Филдинг Төртінші билік идеясын ұсынған еді. Филдинг көрнекті драматург болды, оның үкіметті мысқылдайтын қойылымдары сол кездегі премьер-министр Роберт Уолпол мырзаның ашуына тиген екен. Филдингтің дауысын тұншықтыру үшін британдық үкімет Театр лицензиясы туралы заң енгізеді, ол заң көпшілікке өзінің саяси сатирасын көрсетушілерге тыйым салуы тиіс еді. Бірақ «Ковент Гарден» журналының редакторы ретінде Филдинг Уолпол үкіметін егжей-тегжейлі зерттеуін жалғастыра береді. Дәл сол 1752 жылы ол өз журналында былай деп батыл айтқан екен: «Біздің саяси жазушыларымыздың бір де біреуі дворяндар, дінбасылар және қарапайым халық деп аталатын қазіргі үш қоғамдық топтан басқа ештеңеге назар аудармайды... сөз күші бар Төртінші топты түзейтін қуатты құрал туралы жақ ашпайды».

Баспасөз еркіндігі деген ұғымды орнықтырып кеткен тағы бір ағылшындық азамат, батыл журналист, газет қожайыны, парламент мүшесі Джон Уилкстің әрекеттерін еске алып көрсек.

Жалпы ол уақытта көптеген саясаткерлер сөз бостандығын жақтайтын болған. Американың үшінші президенті және АҚШ тәуелсіздігі декларациясының авторы Томас Джефферсон (1743–1826) азаматтарға мемлекеттік істер туралы жеткілікті ақпараттар қажет деген. Оның «Егер маған: газеті жоқ үкіметке немесе үкіметі жоқ газетке таңдау жасау керек болса, мен еш ойланбастан екінісін таңдар едім» деген әйгілі сөзі де бар.

Танымал викториандық тарихшы әрі жазушы Томас Карлейль де баспасөздің демократия баламасы екенін айтқан. Сөйлей алатын кез келген адам енді барлық ұлтпен сөйлесе алатын болады, үлкен бір күш, биліктің тармағы, заң шығарушы органның, бүкіл биліктің бөлінбес бөлшегі бола алады. Оның атақ-дәрежесінің қандай екендігі, қандай табыс табатыны немесе байлығы маңызды емес, тек өзгелер тыңдай алатын шешен тілі болса болды. Саяси қысымға тәуелді болмайтын, қаржысы жеткілікті БАҚ-ты мемлекеттің бақылауы қиындай түскендіктен, 1819 жылы британдық үкімет елтаңбалық алым енгізеді. Бірақ 1855 жылы салық алынып тасталды, еркін нарықтың одан кейінгі дамуы газет индустриясының түрленуін тудырды. Технологияның жақсаруы өнімнің өзіндік құнын төмендетті. Индустриялаумен қатар коммерциялау пайда болды, сөйтіп жарнамадан түсетін табысқа тәуелділік жаңалықтарды өте табысты тауарға айналдырып жіберді.

Бүгінгі Төртінші билік жағдайы қандай? 200 жыл бойы журналистер ақпараттанған қоғамдағы және мемлекет қызметін ашықтықпен қамтамасыз етудегі өз рөлін жақсы айқындап келді. Дегенмен үкіметті, бизнес пен құдіретті элитаны мұқият зерттеудің орнына, журналистер осы институттардың нығаюы мен қолдауына жұмыс істеп жүр дейтіндер де бар. Әрине, тоталитарлық режимдегі мемлекет бақылап отырған бұқаралық ақпарат құралдары сол мемлекеттің құралы болып табылады, бірақ батыс демократиясында да кейбір БАҚ үкіметтік идеологияларды сыни талдаудан өткізгеннен гөрі, көбірек жақтап кетеді деушілер де бар. Мысалы, батыл ойшыл Ноам Хомскийдің пікірінше, бұқаралық ақпарат құралдары өз қожайындары мен үкіметі үшін билікке сын айтпайтын, керісінше, идеологияны жеткізетін құрал. Хомский БАҚ үкіметпен және ірі бизнеспен қоян-қолтық жұмыс істейді деген сенімде. Оның айтуынша, қожайындар өз коммерциялық және идеологиялық уәждеріне қарай жариялы дискурста ықпал етіп отырады, яғни бұл біз бірінші дәрісте жан-жақты зерттеген гегемонияның бір түрі.

Жаңа медианың пайда болуымен билік сақталып қалды ма? Журналистер шұғыл жаңалықтарды таратудың тәсілі ретінде және шынайы уақыт режимінде өз аудиториясымен байланыс жасап отыру үшін Твиттерге жылдам бейімделіп алды. 2008 жылғы Мумбаидағы лаңкестік шабуыл туралы жаңалықтар бастапқыда Twitter-де пайда болған деседі. 2010 жылғы Араб көктемінің ұйымдастырушылары өз әрекеттерін жоспарлау үшін және өз жетістіктерін әлеммен бөлісу үшін Twitter-ді қолданған, мұның соңы сол оқиғаларды жаппай жариялауға ұласқан. Бостон марафоны кезіндегі жарылыс туралы жаңалықтар да алғаш рет Twitter-де жария болған. Куэгерлер бірнеше секунд ішінде сол қайғылы оқиға туралы әсерлерін, фотосуреттерін, тіпті бейнероликтерді де желіге жүктеп үлгерген. Эми Уайнхауздың қайғылы



қазасы туралы хабарлама да оның денесі табылғаннан кейін жиырма минуттан соң және ақпарат негізгі жаңалықтар сайттарында жарияланып, телевидениеден көрсетілгенге дейін қырық минут бұрын Twitter-де пайда еді.

Соңғы онжылдықтар ішінде медиа-меншік иелерінің өз аудиториясын қарастыруында көп өзгерістер орын алды. Бөлшек сауда желісінің иелері клиенттеріне қалай қараса, БАҚ иелері де оқырмандарына, тыңдармандары мен көрермендеріне өз тауарларының тұтынушысы ретінде қарай бастады. Әрине, ақпарат беру пішімі де өзгеруде. Infotainment – ақпараттық-ойын-сауық жүйесі Төртінші биліктің рөлін атқарып қана қоймай, дәстүрлі ақпарат агенттіктерінен гөрі қоғамды әлдеқайда тиімді түрде тарта біліп, ақпараттандырып, көңілін көтере алатын болды деген пікірлер айтылады. Австралиялық медиа-ғалым Стивен Стоквеллдің айтуынша, телевизиялық ақпараттық-ойын-сауық жүйесі (бұл жерде ол lifestyle шоу, реалити-шоу, таблоидтық ақпараттар, ток-шоулар, скетч-комедиялар және т.б. туралы айтады) шындығында, алуан түрлі көзқарасты ұсынады, дәстүрлі ақпараттық бағдарламалардан гөрі, өзекті тақырыптар мен сыни тереңдікті көп көруге болады.

Тарихтың бұрынғы кезеңдеріне қарағанда бүгінгі күні көрермендер жаңалықты көп тұтынатын болды. Жалпы алғанда, рейтингтерден көретініміздей, көпшілік Интернет пен YouTube-ке, Facebook-ке, сонымен қатар, қажетті ақпараттар алу үшін ойын-сауық шоулары мен таблоидтық ағымдағы ақпараттарға көбірек көңіл аудара бастады.

Он жыл бұрын телевидениедегі ток-шоулар (басқа түрлерінен гөрі, арзандаулары) дәл солай танымал болған еді. Интернеттегі ойын-сауық контентінің бүгінгі ағымы және оны адамдардың өз телефондары арқылы көруі ақпаратты жеке иелену сезіміне бөлейді. Әрине, журналистиканың таблоидтық ойын-сауық стилі аудитория назарын өзіне аудартады. Ондай газеттер қашанда табысты болған, ал «салмақты» журналистика ешқашан табысты болған емес. Бірақ сонымен қатар, аудитория Леди Гагаға немесе Бейонсқа қатысты оқиғаларды ашқарақтана тұтынып жатқанымен, БАҚ жергілікті, мемлекеттік, ұлттық және ғаламдық маңызды мәселелер туралы қажетті ақпараттарды сенімді ақпарат көздерінен әлі де тарата береді, жемқорлыққа және құқық бұзушылыққа назар аударатын болады деп күтеді.

Енді бір медиамамандардың пікірінше, бүгінгі күні жаңалықтарға және жаңалықтар журналистикасына қатысты қиындықтар жалпы алғанда, эпистемологиялық жағдайға түскен: журналистика «өміріміздің шынайы қырларына сәйкес келмейді, еш қатысы жоқ, бұлдыр, әлем-тапырық күйге енген... атақты адамдарға табынамын деп жүріп бет-әлпеті өзгеріп кеткен; жаңалықтарды өсек-аяң мен сенсацияға алмастырып жіберген». Бүгінде бұл «жаңалықтар саласын жұтып қойған, ойын-сауықтан басқа ештеңені білмейтін құбыжық» дейді медиа-сарапшылар».

Сонымен қатар, газеттер бүкіл әлем бойынша журналистердің негізгі жұмыс берушісі болып қалып отыр, Жапония, Қытай, Үндістан және Ресей сияқты кейбір елдердегі мерзімді басылымдар көбея түсуде, көптеген батыс елдері үшін онлайн-платформа журналистиканың келешегі ретінде қарастырылуда.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығындағы жаңалықтардың онлайн-провайдерлері атанып кеткен америкалық HuffingtonPost және австралиялық Crikey бүгінде негізгі жаңалықтар саласында өз орындарын нығайтып алды. HuffingtonPost либералдық комментаторы және жаңалықтардың балама агрегаторы 2005 жылы іске қосылған еді, оның табысты болғаны сондай, 2011 жылы басылымды америкалық медиалық конгломерат 300 миллион доллардан астам қаржыға сатып алған. 2012 жылы HuffingtonPost әскери тілшісі Дэвид Вудтың жаралы ардагерлер өмірі туралы «Шайқас алаңынан тыс» атты репортаждар сериясы үшін Пулитцер сыйлығын жеңіп алған алғашқы сандық медиа-ұйым атанды.

Қазіргі уақытта редакциялық бөлімдердегі аз ғана қызметкер анағұрлым аз бюджетпен жұмыс істейді. Ал демократияны азықтандырып отырған журналистиканың ең маңызды бөлігі – үкімет пен билік тарапынан болған жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды ашатын журналистік зерттеу қызметі өте қымбат тұрады. Мысалы, Австралияда ақпараттық ұйымдар үшін үкіметтік құжаттарға қол жеткізу көбінесе мүмкін емес жағдай. Бұдан өзге, ол қолжетімділіктің бағасы да бірнеше мың доллар тұруы мүмкін. Осылармен қатар, бүгінгі журналистикадағы тағы бір қиындық – жаңалықтарды тәулік бойы беріп отыру және бірінші болып жариялауға ұмтылудағы уақыт тығыздығы. Журналистер бума-бума қағаздар арасынан



күрделі әрі шиеленісіп кеткен ақпаратты тауып, өте қысқа мерзім аралығында нақты, жан-жақты, үйлесімді әрі жүйелі хабар жасап шыққанда, репортаждың дерек дәлсіздігі мен қатеге толы болуы әбден мүмкін.

«Медиа және Журналистика» кітабының авторлары Викиликс қоры мен оның негізін салушыға айрықша назар аударады. Олардың ойынша, WikiLeaks-ке деген қоғам көзқарасы әлемдік қауымдастықтың осындай маңызды ақпараттарға қаншалықты мүдделі екенін көрсетіп қана қоймайды, сондай-ақ, WikiLeaks үлгісін қолдана отырып, журналистика расымен де, өзінің Төртінші билік атанған құқығын қайта жаңғырта алады және өз аудиториясымен тіптен жақын байланыса түседі.

Аустралиялық Джулиан Ассанж үкіметтер, кәсіпорындар және өзге де ықпалды халықаралық ойыншылар қолынан астыртын сыртқа шығып кеткен құжаттар қоймасы ретінде 2006 жылы WikiLeaks-ті құрған. WikiLeaks-тің журналистикаға сіңірген ең үлкен еңбегі – жасырын дроп-бокстар арқылы ақпарат көздері мен мәлімет берушілер берген құпия ақпараттармен бөлісе алатын жүйені құра алуы болды. 2010 жылы Ассанж вики үлгісіндегі тәсілден бас тартып, редакторлық жаңа тәсілге көшеді, өз еріктілерін «журналист» ретінде сипаттай отырып, өзі бас редактор болып тағайындалады да, журналистика саласына бел шеше кірісіп кетеді. Сөйтіп ол жасырын ақпарат көздерінен алған материалдарды мұқият тексере отырып, редакциялық топпен жұмыс істейді.

WikiLeaks – жасырын ақпарат көздерінен алынған немесе аңдаусызда тарап кеткен құпия ақпараттарды жариялайтын халықаралық коммерциялық емес ұйым. Олар өздері туралы былай дейді: «Біз әлемдегі барлық тәуелсіз ақпарат көздерінен алынған ақпараттарды берудің жаңаша, қауіпсіз және жасырын тәсілін ұсынамыз. Біз ақпараттар көзін жасырын ұстай отырып, этикалық, саяси және тарихи мәні бар материалдарды жариялаймыз». Алғашқы үш жыл ішінде WikiLeaks ақпараттық ұйымдар ала алатын құжаттық деректер базасы ретінде жұмыс істеген еді. Сайтта түрлі елдердегі жемқорлық істер, сайентология шіркеуінің әрекеттері туралы ақпараттар, Сара Пэйлиннің хаттары, британдық ұлттық партия және перуандық мұнай жанжалы туралы құжаттар сияқты кең ауқымды мәселелерді қамтыған материалдар жарық көрген.

2010 жылдың сәуірінде WikiLeaks өз веб-сайтында ирактық азаматтар мен журналистерді өлтіріп жатқан АҚШ күштерінің әрекетін көрсететін «Ілеспелі кісі өлтірушілік» атты видеосын жариялау арқылы бүкіл әлемнің назарын өзіне аударған еді. Үш айдан кейін WikiLeaks Ауғанстан соғысы туралы «Ауғандық әскеридің күнделігі» деген атпен 76 900 құпия құжатты, әлемдегі ең беделді «Guardian», «Нью-Йорк Таймс» және «Шпигель» сынды газеттермен ынтымақтаса отырып, Ауғанстандағы соғысқа қатысты 75 000-ға жуық құжатты жариялады. Ал 2010 жылдың қазан айында Ирактағы соғыс туралы тағы 400 000 құпия құжатты жариялап жіберді. Бірақ болжалды түрде екі бірдей сексуалдық қысым жасағаны үшін деп тергеуге алғысы келген шведтік прокурорлар тарапынан түскен сұратудан кейін, Ассанж бен дәстүрлі БАҚ арасындағы жылы қарым-қатынас салқындай бастады. Ассанж 2010 жылдың желтоқсанында Лондон түрмесіне қамалып, одан ары Швецияға әкетіледі деп отырғанда, кәсіби заңгерлер оған қолдау білдіру үшін тегін қызмет көрсетіп, тіпті қаржылай көмек те береді. АҚШ-та республикашылдар түрлі айыптар тағу үшін Ассанждың Штаттарға экстрадицияланғанын қалайтынын жеткізді. Ал кейбір журналистік ұйымдар WikiLeaks-ті ашық сынап, оның «журналистік» жұмыс екенін жоққа шығарып, сайт жұмысына тек деректер ғана таратушы деп баға берісті.

2012 жылдың маусымында Ассанж Швецияға жер аударылмас үшін Лондондағы Эквадор елшілігіне кіріп, саяси баспана сұрайды, өйткені Швецияда оған алдымен сексуалдық шабуылдар жасады деген айып тағылып, артынша АҚШ-қа жөнелтуі мүмкін еді. Ал Штаттарға барса оған үкіметтік құпия құжаттардың жария болуына байланысты одан да үлкен айыптар тағылып, өмір бойы түрмеге қамалуы немесе өлім жазасына кесілуі ықтимал болатын. Ассанж бірнеше жылдан бері сол елшілікте отыр.

Соған қарамастан WikiLeaks мұрасының мәні зор. Қор дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына сандық әлемдегі күзетші ит рөлін атқарудың қандай болатынын көрсетіп берді. Ол қолданған тәсілді дәстүрлі ақпараттық ұйымдар, сондай-ақ, кейбір жаңа ұйымдар да қолдана бастады, олардың қатарында Дохада орналасқан, WikiLeaks – Transparencyunit көшірмесін іске қосқан арабтық ақпараттық телекомпаниясының ағылшынтілді нұсқасы «Эл-Жазира» арнасы



да бар еді. WallStreetJournal 2011 жылдың мамырында WikiLeaks-тің SafeHouse атты балама сайтына іске қосты, бірақ ол ақпарат көздерін жеткілікті түрде қорғай алмады деген сынға ілікті. «Медиа және Журналистика» оқулығының авторлары сонымен қатар, «j-bloggers» терминін де қарастыруды ұсынады. Бұл журналист-блогерлер деген мағынаны білдіреді. Интернет кез келгеніміздің өз ойымызды жариялауға мүмкіндік береді, бірақ бұл өзін-өзі жария еткен әрбір автор журналист бола алады дегенді білдіре ме? «J-bloggers» – Интернетті қолдана отырып, журналистік қағидалар мен міндеттерді сақтайтын, кім туралы жазса да өз ұстанымымен жұмыс істейтін жандар, яғни қандай басылымға жалданып жұмыс істесе де, азаматтық журналист ретінде сөйлесе де, оларды веб-журналистер деп қарастыруға болады.

Оқулық авторларының бірі, осы терминді ойлап тапқан Никола Гок жаңа медиаларда жұмыс істейтін «J-bloggers» еркін және тәуелсіз баспасөздің көне дәстүрлерін қайта жаңғыртты деп есептейді. «J-bloggers» журналистикаға жаңа күш-қуат пен жаңаша көзқарас әкелді, жаңа өмірді байырғы тәжірибемен байытты, ал дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін әріптестерімен бірге XXI ғасыр демократиясын оттегімен қамтамасыз етіп отыр.

J-blogger-лерді қазіргі заманның журналистері деп атауға бола ма? Медиа мамандары олардың «сындарлы да, талқандағыш та, патриоттық немесе бүлікшілік те» қасиеттері бар дейді, бірақ өздерінің дәстүрлі әріптестерінен айырмашылығы – олардың идеялары өте ауқымды әрі бүкіләлемдік латформаға бір сәтте ықпал ете алуында екен. Блогтар ақпаратты көбінесе жылдам, тіпті бір көргеннен-ақ жариялай салуы мүмкін. Олар әр адамның өз пікірін білдіруге мүмкіндік жасай отырып, түрлі мәселе бойынша көпшілік арасында дискурс тудырып жібере алады. Бірақ оны тек пікір білдіру алаңы деп қарастырған жөн бе, әлде қарсылық акциясын өткізу орны деген жөн бе? Блогер журналист ретінде Төртінші билік жарлығымен сөйлей ме әлде сөз бостандығына қатысты адам құқығын білдіре ме?

Осы бір аумалы-төкпелі кезеңде Төртінші билік тарихында мүлдем болмаған бір ерекшелік: ұжымдық журналистика қалыптасып келеді. Журналистер мен олардың ақпарат көздерінің арасында ғаламдық жаңа онлайн-тәжірибе дами бастады, яғни ақпарат көздері контент өндіруші ретінде жұмыс істеп, бейнероликтер жасап, аудио және мәтіндік оқиғалар жазуда және өз беделін арттырып, ақпарат тарататын журналистік орталарға кіру үшін ол еңбектерін журналистерге беріп отырады. Сандық әлемдегі журналистика бар күшін табыс табуға жұмылдыратындықтан, сапалы журналистикаға қолдау білдіру үшін өзге азаматтармен бірге филантроптық журналистика да дами түсуде. Сапалы журналистика игілігі үшін тек ақпаратты адамдар ғана қаржы жұмсап отырған жоқ; краудсорсингтің арқасында блогтардағы, веб-сайттар мен YouTube арнасындағы онлайн-журналистиканың жаңа түрлерін құру үшін қарапайым азаматтар да қаржылай көмек көрсетуде.

Соған қарамастан, дәстүрлі медиа-ұйымдарға қарағанда, әсіреқызылға тым әуестеніп кететіні үшін онлайн журналистика көп сынға ұшырауда. Интернет көптеген балама көзқарастар кеңістігі саналатындықтан, ең бастысы, гиперсілтемелерді жариялау арқылы ақпарат шынайылығымен қамтамасыз етеді. Ақпарат тұтынушы енді басты қатысушыға айналып, онлайн басылымның ақпаратты қаншалықты жақсы білетіндігін тексеріп отыратын болды. Біз мысалы, «Guardian» сияқты көптеген басылымдардың сандық технология дәуіріндегі мүмкіндіктерді қалай қабылдап, сандық кеңістікте қалай жандана бастағанына куә болдық, дегенмен, ол басылымдардың әлі де болса мінсіз бизнес-үлгі жолын іздестіріп жатқаны анық. Дегенмен «Guardian» онлайн-медианың алғашқы қарлығашына айналды: ол 2009 жылы алғаш рет мобильді қосымшасын іске қосып, GoogleGlass-та алғашқылардың бірі болып жаңалықтар шығарды. Басылымның оқырмандарға арналған жаңа өнімдерін сынақтан өткізетін сандық студиясы да бар.

Күдік пен күмәнге толы қазіргі әлемдегі бір ғана ақиқат – журналистиканың өміршеңдігі. Төртінші билік қағазбасты мекеме емес; демек, журналистика еркін де ашық қоғамдағы мінсіз ұғым. Алдағы онжылдықтар ішінде бақылаушы журналистиканың қандай болатыны, және оны кімнің қаржыландыратыны, кімнің жүзеге асыратыны, бәрі де белгісіз. Тек бір ғана нәрсе айқын: жұмыс істеу үшін медиа-барондардың немесе қағаз түріндегі газеттің болуы міндетті емес, 250 жыл бұрын Генри Филдинг айтып кеткендей, еркін баспасөз ұғымын қастерлейтін азаматтар болса болғаны. 1770 жылдардың өткір журналисі әрі газет шығарушы Джон Уилкс еркін баспасөздің негізін қалап кеткен еді; ал 21-жүзжылдықта бізге сандық технология



дәуірінде сыни ойлай білудің, ал БАҚ-қа күзетші ит рөліне енудің маңыздылығын сезіндіру үшін журналистика әлеміне Джулиан Ассанж келді.